

## 8-бөлім. «БОЛАШАҚҚА САЯХАТ»

Сабақтың тақырыбы: **ЗАМАНАУИ КӨЛІК**

**Сабақтың мақсаты:**

➔ Заттарды салыстырып айтуды және жазуды үйрену.

➔ Тапсырмаларды орындау барысында берілген сөздерді орынды қолдану

➔ Бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну



**Жаңа сөздерді оқы, қайтала**

**Танысайық**


заманауи- современный, нового поколения  
сапалы- качественный  
қуатталады- заряжается  
дөңгелек – круглый, колесо

**Сөз мағынасын түсін.**

**Есте сақтайық**


**ДӨҢГЕЛЕК**

1. Пішін мағынасында



Диаметрі 5 метр  
гүлзардың пішіні  
дөңгелек.

2. Көліктің бөлшегі  
мағынасында



Заманауи мәшиненің  
дөңгелектері де өзгеше.



## 1-тапсырма.

Суретке қара. Балалардың сөзін оқы.

Мынау қандай көлік?  
Ұшақ па әлде мәшине  
ме? Пішіні өзге.  
Дөңгелектері де  
ерекше.

Бұл-ұшатын мәшине. Баратын  
жерімізге 5 секундта жеткізеді.  
Өте ыңғайлы және заманауи. Бұл  
мәшинелер токпен қуатталады.  
Өте сапалы.Ең бастысы қауіпсіз.



## 2-тапсырма.

## ОЙЛАНАЙЫҚ

А) Суреттегі балалардың әңгімесінен **қандай?** сұрағына жауап беретін сөздерді тап. Тізіп жаз.

Ә) Сөздерге қосымшалардың бірін жалғап айт.

-ырақ  
-ірек

-рақ  
-рек

-лау  
-леу

-дау  
-деу

-тау  
-теу

Мысалы, өзг**ерек**, өзг**елеу**.



### Бағалау критерийі

Қандай? сұрағына жауап беретін сөзді тауып жаздым.

Тапсырманы орындамадым

3 ұпай

0 ұпай

## 3-тапсырма.

### ЖАТТЫҒАЙЫҚ

Көп нүктенің орнына –ырақ, ірек, -рақ, -рек қосымшаларының тиістілерін қойып оқы

1. Бұл мәшине ыңғайлы... .

2. Бұрынғы заман көліктеріне қарағанда жылдам... .

3. Дөңгелектері жақсы ... .

4. Озық технологияларды пайдаланып жасалғандықтан қауіпсіз ... .

5. Мәшиненің дөңгелектері үлкен ... .





## 4-тапсырма.

## СӨЙЛЕСЕЙІК

Екі суретті салыстырып сипаттап бер. Үлгіні қолдан.

**Ү л г і :** Көрші ағайдың көлігі Сұңғаттың көлігіне  
қарағанда ескілеу.



## Бағалау критерийі

Тапсырманы орындадым

Қателер жібердім

Орындай алмадым

2 ұпай

1 ұпай

0 ұпай



## 5-тапсырма.

## ЖАЗАЙЫҚ

Ә) Туыстардың көліктерін салыстырып жаз.

Ү л г і: Ағамның көлігі әкемнің көлігіне қарағанда жаңарақ. Әкемнің көлігі 2010 жылғы, ... .



### Бағалау критерийі

Тапсырманы орындадым

5 ұпай

Қателер жібердім

2 ұпай

Орындай алмадым

0 ұпай

А) Көліктерді сипаттауға қатысты тағы қандай сөздерді қолданар едің? Керекті сөздерді пайдаланып сөйле.

**Керекті сөздер:** сәнді, қауіпсіз, жаңа, ескі, заманауи, ыңғайлы, жылдам, қауіпті, таза, пайдалы, мықты, сапалы, озық үлгіде, Күннен қуат алады.





# Кері байланыс



## «Бас бармақ» тәсілі

---

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---

